**ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін ішкі талдау жұмыстарының қорытындысын талқылау жиынының**
**ХАТТАМАСЫ №4**

**Ленгер қаласы** **02 қазан 2023 жыл.**

**Төрағасы: Қабылбеков Ғалым Көпбайұлы - басшының медициналық қызметтердің сапасын бақылау ісі жөніндегі орынбасары.**
**Хатшылықта: А.Ө.Досболова.**

Қатысқан қызметкерлер саны: 28 адам

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

- ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-да 14.07.2023 жылғы ішкі талдау жұмыстарының қорытындысының нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындау барысы туралы .

**Төрағалық етуші Ғ.К.Кабылбеков** жиналысты ашық деп жариялап, Отырыстың күн тәртібіндегі мәселе бойынша хабарлама жасау үшін емхананын заңгері – А.О.Сүттібаевқа беріледі.

**А.О.Суттибаев:** Қайырлы күн, құрметті әріптестер жиынға қатысушылар!

Қазіргі таңда қоғам алдындағы өзекті мәселелердің бірі - сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын.

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дертті тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа қарсы тұруға болады.

Мемлекеттік орган ержесіне сәйкес, ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның кызметіне жене оган байланысты нормативті-кукыктык актілерге тисті мына кызмет талданған болатын:

1) Персоналды баскару, сонын ішінде кадрлардың ауысуы мен жұмысқа қабылдау бойынша **Jumys SmartNation** порталы арқылы іске асыру;

2) Мемлекеттік сатып алулар ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы». Заннамасына сәйкес жүргізілуін қадағалау;

**Төрағалық етуші Ғ.К.Кабылбеков** Отырыстыңкүн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Ленгір қалалық емханасының мамандар бөлімінің инспекторы А.Ө.Досболоваға беріледі.

**А.Ө.Досболова:** Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы:

ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-ның штат саны 390 болып бекітілген. Қазіргі таңда 390 қызметші қызмет атқарады. Нақты айтқанда 77 дәрігер, 238 – орта буын, 26 – кіші буын, 46- басқалар жумыс жасайды.

Жұмысқа қабылданған, шығарылған қызметкерлер:

2021 жылы – 60 адам қабылданған;

2022 жылы 56 адам қабылданған;

2023 жылы 6 айында 42 адам қабылданған.

Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына сай қызмет атқарады.

Қазіргі таңда денсаулық сақтау қызметкерлерін жұмысқа алу (оның ішінде жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары орта буынды медициналық қызметкерлер) адал, әділ және ашық негізде https://www.enbek.kz/ru порталына хабарландыру ілу арқылы жүзеге асырылады;

Алдағы уақытта 2024 жылдың қаңтар айынан бастап **Jumys SmartNation** порталы арқылы іске асыру мақсатында қажетті құжаттар әзірленіп келісім шарт жасасу жұмыстары жүргізілуде.

Келісім шарт бекітілгеннен бастап толық **Jumys SmartNation** порталы арқылы қызметкерлерді жұмысқа қабылдау жұмыстары жүргізіледі.

**Төрағалық етуші Ғ.К.Кабылбеков** Отырыстыңкүн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз Ленгір қалалық емханасының бас есепшісі Ж.Ш.Тоимбетоваға беріледі.

**Ж.Ш.Тоимбетова:** Мемлекеттік сатып алулар ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы». Заннамасына сәйкес жүргізілуін қадағалау:

Мемлекеттік сатып алу бойынша кәсіпорынның ТОО "Корпорация инновационного развития" мен түзген № 090940018744/230014/00 2023-02-16 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 560 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Мемлекеттік сатып ату Заңның **1-тармағының41-бап, 39-бабының 3-тармағында***(көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) осы* Заңның **13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6)** тармақшаларын көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.) бұзуда.

Кәсіпорынның ТОО "Многопрофильный институт" мен түзген № 090940018744/220123/00 2022-09-28 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 70 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Заңның **1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында** (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.*) бұзуда.

Кәсіпорынның ТОО "MEDsmart" мен түзген № 090940018744/220120/00 2022-09-05 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 200 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Заңның 39-бап 3-тармақ 50-тармақша егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті осындай тауарларды, Алайда Ұйымдастырушы қыркүйек айында шарт жасаған.

Кәсіпорынның ТОО "Social-i International Kazakhstan" мен түзген № 090940018744/220119/00 2022-09-09 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 160 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында (*көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады)* бұзуда.

Қазіргі таңда аталған кемшіліктерді қайталамау мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

**Шешу мәселесі:**

Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

## Ұсыныс:

1. Денсаулық сақтау қызметкерлерін адал, әділ және ашық негізде **Jumys SmartNation** порталы арқылы конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралымен жұмыс жасауды қолға алу А.Ө.Досболоваға жүктелсін;
2. ШЖҚ «Ленгір қалалық емханасы» МКК-да сатып алуды ұйымдастыру барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 1-тармағының 41-бабына сәйкес жүргізілсін, бәсекелестік орта қамтамасыз етілсін. Қадағалау бас есепші Ж.Ш.Тоимбетоваға жүктелсін;
3. Мемлекеттік сатып алу бойынша жауапты маман С.И.Батырбековке ескерту берілсін.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуды насихаттау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін алғышарттар туғызатын үйлеспеушіліктерді, олқылықтарды, қайшылықтарды жою тұрғысынан заңнаманы талдау бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізілсін.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлыққа қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар берілді.

Жиналыс төрағасы Ғ.К.Кабылбеков жиналысты қортындылады.

**Жиналыс төрағасы:** **Г.К.Кабылбеков**

**Хатшы:** **А.Ө.Досболова**

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
шаруашылық жүргізу құқығындағы
«ЛЕНГЕР ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНАСЫ»
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

УПРАВЛЕНИЕ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Государственное коммунальное
предприятие на праве хозяйственного ведения
«ЛЕНГЕРСКАЯ ГОРОДСКАЯ
ПОЛИКЛИНИКА»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

04.10.2023 № 675-ж/қ

Ленгер қаласы город Ленгер

**Жұмыскерлерге тәртіптік**
**шара қолдану туралы**

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 64 бабы 1 тармағының 1тармақшасына және емхананың 02.10.2023ж. №4 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Батырбеков Серик Илясханович мемлекеттік сатып алу жөніндегі жауапты есепшісіне көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды тікелей жасау кезінде жиберілген кемшіліктері және өз міндеттеріне немқұрайлы қарағаны үшін ескерту тәртіптік жазасы берсілсін.

Негіздеме: С.Батырбековтың түсініктемесі және емхананың 02.10.2023ж. №4 хаттамасы.

**Басшы Ж.С.Нышанов**